Диссертациялық кеңестің 2019 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
«6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология»,
«6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша
диссертациялық кеңесі

Диссертациялық кеңестің төрайымы
т.ғ.д., профессор Г.С. Султангалиева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2019 жылғы 18 ақпан №49 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске
«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша;
«6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша;
«6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша
диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

1. Өткізілген отырыстың саны -5.

Алғашқы мәжіліс 03.05. 2019 ж. күні өтті. Күн тәртібінде ұйымдастыру мәселелері және 1. Терекбаева Жазира Махмудқызының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» тақырыбында дайындалған диссертациясын (ғылыми жетекшісі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Қалыш Аманжол Боранбайұлы), 2.Кошымова Акнур Оразгалиевнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбындағы диссертацияларын (ғылыми жетекшісі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Хабижанова Гулнар Болатқызы) қорғауға қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінің кезекті екінші мәжілісі 17.06. 2019 ж. күні өткізілді. Күн тәртібінде: 1. «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған докторант Терекбаева Жазира Махмудқызының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» тақырыбындағы диссертациясын (ғылыми жетекшісі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Қалыш Аманжол Боранбайұлы) және 2.Кошымова Акнур Оразгалиевнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «VIII-XIII ғасырлардағы

оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбындағы диссертацияларының (ғылыми жетекшісі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Хабижанова Гулнар Болатқызы) көпшілік алдындағы қорғалды.

Диссертациялық Кеңес шешімімен Терекбаева Жазира Махмудқызының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша, Кошымова Акнур Оразгалиевнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігі мақұлданды. Аталған диссертациялық жұмыстар талаптарға сай орындалған.

Диссертациялық Кеңестің күн тәртібіне сай қаралған келесі мәселе Жуматаев Ринат Серікұлының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» тақырыбында дайындалған диссертациясын (ғылыми жетекшісі-тарих ғылымдарының докторы, профессор Төлеубаев Әбдеш Ташкенұлы) және Иманбекова Алфия Амангельдиевнаның «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Теоретические проблемы изучения традиционного хозяйства казахов XVIII – начала XX вв.» тақырыбында дайындалған диссертациясын (ғылыми жетекшісі-тарих ғылымдарының докторы, профессор Төлеубаев Әбдеш Ташкенұлы) қорғауға қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды.

Диссертациялық кеңестің үшінші отырысы 13.09.2019 ж. күні өтті. Мәжілісте Жуматаев Ринат Серікұлының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» тақырыбында дайындалған диссертациясын (ғылыми жетекшісі-тарих ғылымдарының докторы, профессор Төлеубаев Әбдеш Ташкенұлы) және Иманбекова Алфия Амангельдиевнаның «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Теоретические проблемы изучения традиционного хозяйства казахов XVIII – начала XX вв.» тақырыбында дайындалған диссертацияларының (ғылыми жетекшісі-тарих ғылымдарының докторы, профессор Төлеубаев Әбдеш Ташкенұлы) көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып, Жуматаев Ринат Серікұлының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша және Иманбекова Алфия Амангельдиевнаның «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық, диссертациялық жұмыстар талапқа сай орындалғаны ескеріліп, кеңес шешімімен мақұлданды.

Күн тәртібінде қойылған келесі мәселе докторант Акынова Айгерим Пернебековнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға қабылдау мәселесі қаралып (ғылыми жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Жумагулов Қалқаман Тұрсынұлы) талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды.

25 қазан 2019 ж. күні диссертациялық кеңестің кезекті төртінші мәжілісі өткізіліп, Акынова Айгерим Пернебековнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» тақырыбындағы диссертациясын көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып (ғылыми жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Жумагулов Қалқаман Тұрсынұлы), «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігі мақұлданып, қаулы қабылданды.

Төртінші кеңес күн тәртібінде қарастырылған келесі мәселе «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Тулешова Улжан Жангелдыновнаның «The Kazakh nobility on service of the Russian Empire in the 19th century: formation and activity (XIX ғасырдағы Ресей империясының қызметіндегі қазақ дворяндығы: қалыптасуы мен қызметі)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды. Ғылыми жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Султангалиева Гульмира Салимжанқызы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінің кезекті бесінші мәжілісі 13.12. 2019 ж. күні өткізілді. «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Тулешова Улжан Жангелдыновнаның «The Kazakh nobility on service of the Russian Empire in the 19th century: formation and activity (XIX ғасырдағы Ресей империясының қызметіндегі қазақ дворяндығы: қалыптасуы мен қызметі)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысын көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып, «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігі туралы қаулы қабылданды. Ғылыми жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Султангалиева Гульмира Салимжанқызы.

Кеңес жұмысының күн тәртібіне сәйкес қаралған келесі мәселе «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Маликов Бақытжан Усеновичтің «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)» (ғылыми жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Султангалиева Гульмира Салимжанқызы) және Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» тақырыбындағы диссертацияларын (ғылыми жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, пофессор Хабижанова гулнар Болатқызы) қорғауға қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға рұқсат берілді.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда). а) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша PhD доктор, профессор Пол Верт қатыса алмады.

3. **Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

1. Терекбаева Жазира Махмудқызы «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы (2015-2018), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
2. Кошымова Акнур Оразгалиевна «6D020300 – Тарих» мамандығы (2014-2017), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
3. Иманбекова Алфия Амангельдиевнаның «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы, (2013-2016), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
4. Жуматаев Ринат Серікұлы «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы (2012-2015), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
5. Акынова Айгерим Пернебековна «6D020300 – Тарих» мамандығы, (2014-2017), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
4. Тулешова Улжан Жангелдыновна «6D020300 – Тарих» мамандығы, (2016-2019), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультеті.
5. Маликов Бақыжан Усенович «6D020300 – Тарих» мамандығы, (2015-2018), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультеті.
6. Сагинаева Айнагуль Нургалиевна «6D020300 – Тарих» мамандығы, (2014-2017), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультеті.

6. **Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

а) Терекбаева Жазира Махмудқызы «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы, «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» тақырыбында дайындалған диссертациясында Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесінің даму тарихы, олардың қолданыстық маңызы, пайдаланудағы ерекшеліктері шаруашылық құралдары мен материалдық мәдениеті, тақырыпқа қатысты кәсіпшіліктің қыр-сырын қоса, бір-бірімен байланысты зерттеу отандық этнология ғылымында бұрын арнайы ғылыми-зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Дәстүрлі көлік жүйесінің толық функциясын көрсететін жергілікті кәсіптік сөздердің және аймақтық сөздік ерекшеліктерін жинақтап, бір арнаға тоғыстырып жүйелеу, оны ғылыми тұрғыда зерделенеді.

Көшпелі шаруашылықтан жартылай отырықшылыққа, одан отырықшылыққа ауысу кезеңіндегі ірі бетбұрыстар Қазақстанның аймағында қалыптасқан шаруашылық дәстүріне қарай әр қилы өтті. Біздің зерттеу нысанымыздағы тақырыптың хронологиясы осы бетбұрыс кезеңіне саяды. Сол себепті де зерттеу жұмысымызда отаршылдық кезеңіндегі дәстүрлі көлік жүйесіндегі өзгерістер, этномәдени байланыстардың көлік қатынас

құралдарындағы көрінісі де қамтылады.

ә) Кошымова Акнур Оразгалиевнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбындағы диссертациясында ортағасырлар кезеңіндегі түркі халықтарының, соның ішінде түрікмен, әзербайжан, анадолы түріктері, қырғыз және қазақ тарихындағы этникалық жақындық, сабақтастық, саяси және этникалық өзара байланыстарды көрсететін оғыздардың қатысуымен болған этникалық үдерістер ғылыми тұжырымдалады. VIII-XIII ғасырлардағы оғыздармен тарихи сабақтастықтағы түркі халықтарының этногенетикалық байланыстарындағы оғыз компонентінің рөлі зерттеледі.

в) Жуматаев Ринат Серікұлының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» тақырыбында дайындалған диссертациясында жылқы культі феноменінің жергілікті мәдениеттер сабақтастығы контекстінде жеткілікті зерттелмеуімен, отандық және шетелдік әдебиетте осы бір көп аспектілі құбылыстың түрлі қырларын толық ашып көрсететін кешенді қорытынды еңбектердің болмауымен, екінші жағынан – мұндай зерттеулердің жылқы культімен байланысты жергілікті дәстүрлердің шығу тегін, мәні мен тарихын түсіну үшін ғана емес, бірқатар теориялық мәселелерді, соның ішінде осы құбылыстың әмбебаптығы және оның ғаламдық масштабта таралу мәселесін шешу үшін де маңызды екенімен байланысты. Одан бөлек, ежелгі және ортағасырлық мәдениеттердегі жылқы культімен байланысты әдет-ғұрыптарды қарастырудың өзектілігі, соңғы он жылдықтағы өзара байланысты ғылымдардың - археология, палеозоология, этнография, генетика және тағы басқаларының арқасында үлкен білім қорының жинақталуымен, соның нәтижесінде қарастырылып отырған кезеңдердің нақты әрі рельефті көрінісін анықтайтындығымен де астасады.

Сондықтан да, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының дүниетанымындағы жылқының орнын талдау халықтардың мәденигенез мәселесін шынайы бағалауға мүмкіндік береді. Атап өтетініміз, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқының орны мұндай аймақтық және хронологиялық тұрғыда қарастырылмады. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарындағы жылқы ролін сабақтастық тұрғысынан зерттеу өзекті бола түседі.

г) Акынова Айгерим Пернебековнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» тақырыбындағы диссертациясын көпшілік алдындағы қорғауы диссертациялық кеңестің 25.10. 2019 ж. күнгі төртінші мәжілісінде тыңдалған болатын. Әлем тарихы бойынша маңызды тақырыптардың бірі IV-VII ғасырларда Еуразия даласындағы Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі мен осы кезеңде Еуропада өмір сүрген мемлекеттердің саяси тарихы болды. Бұл процесс әлем тарихында көптеген мемлекеттер мен халықтардың тарихына үлкен өзгерістер әкелді.

Еуразия даласында Халықтардың Ұлы қоныс аударуы зерттеліп отырған тақырыптың хронологиялық негізін құрағандықтан, зерттеу жұмысында алдымен осы процестің ғылыми зерттелуінің өзекті тұстары көрсетілді. Еуразия тарихында Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі ауқымды тарихи оқиғалардың бірі болып, оның басталу себептері, барысы мен нәтижелері әлі де болса толық ашылмаған тақырыптардың бірі болып тұр.

д) Тулешова Улжан Жангелдыновна. Тақырыбы: The Kazakh nobility on service of the Russian Empire in the 19th century: formation and activity (XIX ғасырдағы Ресей империясының қызметіндегі қазақ дворяндығы: қалыптасуы мен қызметі). Тақырып тарих ғылымының әлемдік концепцияларына сәйкес келеді және ресейлік көпұлтты дворяндықты зерттеудегі жаңа бағытты ұсынады. Тақырыптың өзектілігі тарихнамалық тұрғыдан да айқын, өйткені империя құрамындағы қазақ қоғамының әлеуметтік трансформациясын қазақ дворяндығының қалыптасу үрдісі мен табиғаты арқылы зерттеуге әлемдік те, отандық та ғылымда әрекет жасалмады. Аталған тақырып мемлекетіміздің ішкі дамуының міндеттері мен бағыттарына жауап береді және ұлттық деңгейдегі маңызы зор.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

1. Терекбаева Жазира Махмудқызының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген мәселелрді жүзеге асыруға бағытталған ғылыми шара болып табылады. Қазақ халқының әртүрлі өңірде аймақтық ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан тарихи-мәдениеті, дәстүрлі шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері, материалдық және рухани мәдениеті аса күрделі ғылыми зерттеулер қатарына жатады. Бүгінгі таңдағы отандық этнология ғылымындағы теориялық-практикалық таным – тарихи-мәдени мұрамызды ұлттық мүдде тұрғысынан, халқымыздың өткені мен бүгінгісінің сабақтасып, астасып жатуын, халық жадындағы «ұлттық код» ретінде танылатын мұрамыздың ғылыми тұрғыда жаңғыртылуын талап етеді. Қазақ халқы Ұлы Дала Елін ғасырлар бойына мекен еткен, ата-баба дәстүрлерін қазіргі заман ұрпақтарына сақтап жеткізген ұрпақ болып табылады. Бүгінгі таңда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетіміздің қайта жаңғыруының, әсіресе, қазақ этнографиясының етене дамуының, жекеленген мәселелердің арнайы зерттеу объектісіне айналып, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерделеніп, этнография ғылымының жаңа қырынан дамуының куәсі болып отырмыз.

2. Кошымова Акнур Оразгалиевнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының

этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбындағы диссертациясы «Мәңгілік ел» бағдарламасының қойған міндеттеріне жауап береді.

Түркі халықтарының этникалық байланыстары мен туыстығын зерттеу тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Елбасы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саяси және мәдени бастамаларындағы маңызды басымдықтары ретінде қабылданды. Ортақ тарихи бастаулары мен түркілік бірліктің маңыздылығын жиі еске түсіретін, түркі халықтарын ұйыстыруға бағытталған Тұңғыш Президенттің идеялары мен бастамалары жаһандану және интеграциялық үдерістер жағдайында аса құнды болып табылады. Осыдан туындайтын басты қорытынды, түркілердің этникалық тарихы мен этногенезіне қатысты тақырыптар бүгінде ғылыми-тарихи өзектілікті ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік және идеологиялық мәселелер қатарын құрайды. Жаһандану кезеңінде түркі әлемін құрайтын халықтар өздерінің этникалық бірегейлігі мен мәдени ерекшеліктерін сақтауға күш салады. Міне сондықтан да түркі тарихында оғыз мәселесінің жаңа қырларын аша түсу қажет.

3. Иманбекова Алфия Амангельдиевнаның «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Теоретические проблемы изучения традиционного хозяйства казахов XVIII – начала XX вв.» тақырыбында дайындалған диссертациясы тақырыбы «Ұлы Даланың жеті қыры» мемлекетік бағдарламасы аясында орындалған. Көшпелілердің XVIII – XX ғғ. басындағы дәсүрі шаруашылығы мәселесінің еориялық тұрғыдан ғылыми зерттеуге арналған диссертацияда бүгінгі таңға дейін пікір-талас тудырып отырған тарихнамалық талдау жасалады. Көшпелілерге ғана тән тарихи ерекшеліктер тұжырымдалып, күнделікті тұрмысы мен салты, қоғамдық-саяси және әлеуметтік құрылымы талқыланады. Шетелдік және орыстық тарихнамаға салыстырмалы-сараптамалық анализ жасалады. Орын алған еуропацентристік көзқарастың бұрмалаушылық тұстарының ақтаңдақтары қайта қаралады.

4. Жуматаев Ринат Серікұлының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмыстың тақырыбы мемлекеттік "Рухани жаңғыру" және "Ұлы даланың жеті қыры: Атқа міну мәдениеті" бағдарламаларына сәйкес келеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы атқа міну мәдениетін жаңғыртуға қосылған елеулі үлес болып табылады.

5. Акынова Айгерим Пернебековнаның тақырыбы: Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.). Зерттеу тақырыбы мемлекеттік «Мәңгілік ел» бағдарламасының қойған міндеттеріне жауап береді.

6. Тулешова Улжан Жангелдыновна. Тақырыбы: The Kazakh nobility on service of the Russian Empire in the 19th century: formation and activity (XIX ғасырдағы Ресей империясының қызметіндегі қазақ дворяндығы: қалыптасуы мен қызметі). Қазақ даласындағы түбегейлі өзгерістерді зерттеу, және жаңа

әлеуметтік құбылыстар мен топтардың пайда болуы XIX ғасырдағы қазақ халқының қоғамдық санасының түбегейлі өзгерістерінің бастауын анықтайды және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді. Тек есімдердің ғана емес, сонымен бірге қазақ дворяндарының өмірбаянын зерделеу, олардың қызмет ету ерекшеліктерін және «Туған жер» патриоттық идеясына сәйкес туған жеріндегі жергілікті халықтың қоғамдық сана-сезімдеріне ықпал ету деңгейін анықтауға көмектеседі.

7. «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Маликов Бақытжан Усеновичтің «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)» тақырыбында дайындалған PhD докторлық диссертациясы ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында көтерілген «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын орындау мақсатында орындалған жұмыс болып табылады.

8. Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» тақырыбындағы диссертация тақырыбы Түркі халықтарының этникалық байланыстары мен туыстығын зерттеу тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Елбасы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саяси және мәдени бастамаларындағы маңызды басымдықтары ретінде қабылданды. Ортақ тарихи бастаулары мен түркілік бірліктің маңыздылығын жиі еске түсіретін, түркі халықтарын ұйыстыруға бағытталған Тұңғыш Президенттің идеялары мен бастамалары жаһандану және интеграциялық үдерістер жағдайында аса құнды болып табылады. Осыдан туындайтын басты қорытынды, түркілердің этникалық тарихы мен этногенезіне қатысты тақырыптар бүгінде ғылыми-тарихи өзектілікті ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік және идеологиялық мәселелер қатарын құрайды. Жаһандану кезеңінде түркі әлемін құрайтын халықтар өздерінің этникалық бірегейлігі мен мәдени ерекшеліктерін сақтауға күш салады.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

1**.** Терекбаева Жазира Махмудқызының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген мәселелрді жүзеге асыруға бағытталған ғылыми шара болып табылады. Қазақ халқының әртүрлі өңірде аймақтық ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан тарихи-мәдениеті, дәстүрлі шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері, материалдық және рухани мәдениеті аса күрделі ғылыми зерттеулер қатарына жатады. Бүгінгі таңдағы отандық этнология ғылымындағы теориялық-практикалық таным – тарихи-мәдени мұрамызды ұлттық мүдде тұрғысынан, халқымыздың өткені мен бүгінгісінің сабақтасып, астасып жатуын, халық жадындағы «ұлттық код» ретінде

танылатын мұрамыздың ғылыми тұрғыда жаңғыртылуын талап етеді. Қазақ халқы Ұлы Дала Елін ғасырлар бойына мекен еткен, ата-баба дәстүрлерін қазіргі заман ұрпақтарына сақтап жеткізген ұрпақ болып табылады. Бүгінгі таңда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетіміздің қайта жаңғыруының, әсіресе, қазақ этнографиясының етене дамуының, жекеленген мәселелердің арнайы зерттеу объектісіне айналып, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерделеніп, этнография ғылымының жаңа қырынан дамуының куәсі болып отырмыз.

2. Кошымова Акнур Оразгалиевнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбындағы диссертация материалдарын қазақтардың ортағасырлық тарихын және VIII-XIII ғасырлардағы өзге түркі халықтарының этникалық тарихын, рухани мәдениетін және саяси оқиғаларын зерттеу барысында пайдалануға болады. Сондай-ақ, диссертацияның ғылыми нәтижелерін түркі халықтарының этногенезі, этникалық байланыстары бойынша жүргізілетін арнайы дәрістер курсы барысында студенттер мен ізденушілер, оқытушылар қолдана алады.

3. Иманбекова Алфия Амангельдиевнаның «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Теоретические проблемы изучения традиционного хозяйства казахов XVIII – начала XX вв.» тақырыбында дайындалған диссертациясы пәнаралық бағытта кеңінен қолданылуға ұсынылады. Көшпелілердегі дәстүрлі шаруашылықтың өзекті мәселелеріне арналған арнайы курстар оқуға, ЖОО –да Қазақстан этнографиясы пәніне қолдануға болады.

4. Жуматаев Ринат Серікұлының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмыста шешімін тапқан негізгі тұжырымдар мен нәтижелері Қазақстанның көне тарихы мен археологиясына қатысты жалпылама жұмыстар мен теориялық ізденістер барысында, ЖОО жалпы және арнайы оқу бағдарламаларын дайындауда, дүниетанымдық бағыттағы ғылыми-танымдық баспаларда қолданылуы мүмкін.

5. Акынова Айгерим Пернебековнаның тақырыбы: Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.). Диссертация материалдары ерте дүние және орта ғасырлар тарихы, Византия империясы тарихы мен осы кезеңдегі халықаралық қатынастарды зерттеудегі ғылыми маңызы өте зор. Зерттеу жұмысының ғылыми материалдары Византияның тарихы, Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі, Батыс ғұндар жайлы, Еуропада ерте орта ғасырларда өмір сүрген варвар тайпалары мен корольдіктердің саяси және әлеуметтік тарихымен байланысты болған оқытылатын дәрістерде, арнаулы курстар мен семинарларға пайдалануға болады. Сонымен бірге, диссертациялық жұмыс бойынша жинақталған ғылыми материалдар түркілердің этногенезі сияқты

дәрістердің курсын дайындауда және хрестоматиялар шығаруда пайдаланылады.

6. Тулешова Улжан Жангелдыновна. Тақырыбы: The Kazakh nobility on service of the Russian Empire in the 19th century: formation and activity (XIX ғасырдағы Ресей империясының қызметіндегі қазақ дворяндығы: қалыптасуы мен қызметі). Қазақ даласындағы түбегейлі өзгерістерді оқытуда және XIX ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси билік институттарының тарихын оқытуда кеңінен қолдануға ұсынылады.

7. «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Маликов Бақытжан Усеновичтің «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)» тақырыбында дайындалған PhD докторлық диссертация барысында алынған ғылыми нәтижелер мен зерттеу материалдарын ЖОО студенттеріне жаңа замандағы Қазақстан тарихынан жалпы және арнаулы курстар оқығанда, қазақ халқының саяси-әлеуметтік құрылымы жайлы зерттеулер жүргізгенде пайдалануға болады. Сондай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамының рухани-мәдени дамуы мен ұлттық құндылықтар жүйесі туралы мәселелерді зерттеу мен мәдениеттану, әлеуметтану пәндерінің жалпы курстарын оқытуда, көмекші оқу құралдарын жазуға негіз бола алады.

8. Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» тақырыбындағы жүргізілген зерттеу нәтижелері түркі халықтарының этникалық байланыстары мен туыстығын зерттеуде, түркілердің этникалық тарихы мен этногенезіне қатысты арнайы курстар оқытуда қолдануға ұсынылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

1. Ж.М.Терекбаеваның диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер - Тохтабаева Шайзада Жаппаровна – тарих ғылымдарының докторы, доцент, ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтытының бас ғылыми қызметкері, мамандығы 07.00.07 – этнология, этнография және антропология.

Тоқтабай Ахмет Уалханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтытының бас ғылыми қызметкері, мамандығы 07.00.07 – этнология, этнография және антропология. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми–зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

2. А.О. Кошымованың диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер -Ужкенов Ернар Муратович – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ежелгі және ортағысырлар тарихы бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының

кандидаты, доцент мамандығы 07.00.02 – Отан тарихы және Тұрсынхан Кайыркен – Л.Н. Гумилев ат. ЕНУ-дың шығыстану кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, мамандығы 07.00.02 – Отан тарихы, бекітілді. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми–зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

3. Иманбекова Алфия Амангельдиевнаның «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Теоретические проблемы изучения традиционного хозяйства казахов XVIII – начала XX вв.» тақырыбында дайындалған диссертациясына ресми рецензент ретінде М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалының профессоры т.ғ.д., Оразбаева Алтайы Иранбеккызы және ҚР ҒБМ БК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының этнология және антропология бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы т.ғ.к., доцент Орынбаева Гульмира Усенбаевна тағайындалды. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми–зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

4. Жуматаев Ринат Серікұлының «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» тақырыбында дайындалған диссертациясына ресми рецензент ретінде Тоқтабай Ахмет – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ш.Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология инситуты, мамандығы 07.00.07 – Этнология, этнография және антропология. (диссертацияның зерттеу саласы бойынша ғылыми мақалалары бар)және Оңғар Ақан – тарих ғылымдарының кандидаты. «ҚР Ұлттық музейі» РММ құрамындағы "Халық қазынасы" ғылыми-зерттеу институтының басшысы, мамандығы 07.00.06 – Археология. (Диссертацияның зерттеу саласы бойынша ғылыми мақалалары бар). Ресми рецензенттер зерттеу жұмысының өте жоғары деңгейде орындалғанына баса назар аударып, болашақта ғылымға қосылған тың зерттеулер қатарын толықтыратындығын атап өтті.

5. Акынова Айгерим Пернебековнаның тақырыбы: Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.). Ресми рецензенттер:Айдос Тоқтағұл Мыңжанұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 07.00.03; Нурмухамбетов Ардақ Амангельдыевич – PhD., Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының аға оқытушысы., Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 6D020300; диссертацияның зерттеу саласы бойынша ғылыми мақалалары бар. Рецензиялар талаптарға

сәйкес келеді, онда диссертацияның барлық артықшылықтары көрсетіліп, дұрыс ескертпелер жасалынған.
6. Тулешова Улжан Жангелдыновна. Ресми рецензенттері: Абусеитова Меруерт Хуатовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының шығыстық деректану, Шығыс халықтарының тарихы мен мәдениеті бөлімінің меңгерушісі, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 07.00.02; Ковальская Светлана Ивановна - тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, мамандығы 07.00.09. Рецензиялар талаптарға сәйкес келеді, онда диссертацияның барлық артықшылықтары көрсетіліп, дұрыс ескертпелер жасалынған.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайын ескере отырып, PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарына шетелдіктарапынан жетекші мамандарды рецензент ретінде тарту;
г) Жас ғалымдар еңбегінің қолдану аясын (республика, шетелдік оқырман қауымға кеңінен тарқату үшін) кеңейту мақсатында автореферат шығару тәжірбиесін қайта қолданысқа енгізу.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

-	**Мамандық** «6D020300 – Тарих»	**Мамандық** «6D020800 – Археология және этнология»	**Мамандық** «6D021200 – Түркітану»
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	3	3	.
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	3	3	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-

Диссертациялық кеңестің
Төрағасы Султангалиева Гульмира Салимжановна_____
(қолы, аты-жөні және тегі)
Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы
Қалыш Аманжол Боранбайұлы _____
(қолы, аты-жөні және тегі)

Мөр Мерзімі 2020 жылғы "08" қаңтар

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

ҚОЛЫҢЫЗ РАСТАЙМЫН